

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ
ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ



АГЕНТСТВО
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО ДЕЛАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ
СЛУЖБЫ

010000, Астана қ., Абай даңғылы, 33 а
тел.: 8 (7172) 75-32-03, 75-34-35
www.qyzmet.gov.kz

010000, г. Астана, пр.Абая, 33 а
тел.: 8 (7172) 75-32-03, 75-34-35
www.qyzmet.gov.kz

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

Құрметті депутаттар !

Мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілді дамыту жөнінде азаматтық белсенділіктеріңіз бен ұстанымдарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (бұдан әрі – *Агенттік*) өз құзыреті аясында мемлекеттік тілді дамыту жұмыстарын үнемі жүргізуде.

Қазіргі уақытта мемлекеттік лауазымдарға үміткерлер үшін мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі бойынша талап жоқ, өйткені мәселе заңнамалық деңгейде реттелмеген.

Атап айтқанда, Конституцияның 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында **қазақ тілі мемлекеттік тіл** болып табылады. Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен тең дәрежеде **орыс тілі ресми түрде** қолданылады.

Конституцияның 14-бабында ешкімді шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген басқа мән-жайлар бойынша **кемсітуге болмайтындығы** көрсетілген.

Конституцияның 14-бабында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда шектелуге жатпайды (*Конституцияның 39-бабының 3-тармағы*).

Конституцияның 33-бабы 4-тармағында республика азаматтарының **мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар**. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді.

Осыған қарамастан, **Агенттік мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілдің аясын кеңейту мақсатында** кешенді шараларды жүзеге асыруда.


Атап айтқанда, **2021 жылы** өткізілген Президенттік жастар кадр резервіне іріктеуде үміткерлерге мемлекеттік тілді кем дегенде орта деңгейде (*B1*) меңгеру талабы енгізілді.

Бұл ретте, ағымдағы жылы үшінші рет ұйымдастырылуы жоспарланып отырған Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу кезінде де мемлекеттік тілді білу негізгі талап ретінде бекітілді.

Сонымен қатар, 2022 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына жоғары оқудан кейінгі білім алушы үміткерлерге мемлекеттік тілді орта деңгейден (B1) төмен емес білуі бойынша сертификаттарының болуы туралы талап енгізілді.

**Төрағаның міндетін
атқарушы**

С. Мүксімов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

№ _____
город Астана

2023 жылдың 10 сәуірі № 45ж/к

Міндеттерді жүктеу туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

Менің еңбекке уақытша жарамсыз кезеңімде, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Төрағасының міндетін атқару 2023 жылғы 11 сәуірден бастап Агенттік Төрағасының орынбасары Салауат Сыйлыбайұлы Муксимовке жүктелсін

Негіздеме: еңбекке жарамсыздық парағы.

Төраға

Салауат Сыйлыбайұлы Муксимов



Д. Жазықбаев